

## Көшелерге атап беру туралы

Қызылорда облысы Сырдария ауданы Тереңөзек кенті әкімінің 2017 жылғы 11 желтоқсандағы № 220 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 25 желтоқсанда № 6086 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына және облыстық ономастика комиссиясының 2017 жылғы 12 қазандығы №2 қорытындысына сәйкес Тереңөзек кентінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сырдария ауданы, Тереңөзек кентіндегі:
  - 1) №4 көшеге "Әсербай Айкөпешов" есімі;
  - 2) №7 көшеге "Шәкі Оспанов" есімі;
  - 3) №10 көшеге "Алмағанбет Дауылбаев" есімі;
  - 4) №16 көшеге "Зұлхар Үдербаев" есімі берілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Тереңөзек кенті әкімінің орынбасары А.Ұзақбаевқа жүктелсін.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Тереңөзек кентінің әкімі

Ж.Сыздыков